



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M05 - Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M051 - Биологиялық және сабақтас ғылымдар
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0510

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M080 - Биология

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M05101 - Биология

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр

(дайындық деңгейі)

Семей

Білім беру бағдарламасы

7M01 -- Педагогикалық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0114
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M014 - Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M01505 - Биология
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр
(дайындық деңгейі)

АЛҒЫ СӨЗ

Әзірленді

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (жаңа редакцияда - 20.02.2023 № ЖжЖООкББМЖМС негізінде 7М015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау даярлау бойынша 7М01505 - Биология білім беру бағдарламасы Академиялық комитетінде

АК құрамы	Аты- жөні, толық	Ғылыми лауазымы, атағы, қызметі
АК жетекшісі	Мукаев Жандос Төлеубекевич	жаратылыстану-математика факультетінің деканы, PhD
БББ менеджері	Қуанышбаева Меруерт Галымовна	жаратылыстану ғылыми пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты
АК мүшесі	Рахимжанова Ақгүл Махметхановна	жаратылыстану ғылыми пәндері кафедрасының меңгерушісі, PhD
АК мүшесі	Сапарова Гүлнара Сикимбаевна	жаратылыстану ғылыми пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты
АК мүшесі	Нығмеджанова Гүлбаршын Каримовна	№16 Т.Аманов атындағы КММ ЖОББМ, биология пәні мұғалімі
АК мүшесі	Чакеева Еркеш Серикбаевна	№37 Ы.Алтынсарин атындағы КММ ЖОББМ, биология пәні мұғалімі
АК мүшесі	Атаханова Нұргүл Нұрланқызы	МБЕ-301, 1 курс магистранты
АК мүшесі	Қалымбекова Меруерт Қуанышқызы	МБЕ-301, 1 курс магистранты
АК мүшесі	Хромов Виктор Анатольевич	жаратылыстану ғылыми пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты

ПІКІР БЕРІЛДІ

Аты- жөні, толық	Қызметі, жұмыс орыны
Малгаждарова Жанат Зейнелевна	Абай облысы Семей қаласы Білім бөлімі "№37 мектеп-гимназия" КММ директоры
Сатаева Айгул Уасиловна	Абай облысы Семей қаласы Білім бөлімі "№16 Т.Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ директоры

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Жаратылыстану-математика факультетінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
2024 жылғы «09» қаңтар № 3 хаттама

Жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі академиялық сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылғы "6" маусым №1 хаттама

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Білім беру бағдарламасының паспорты:
 - 2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты;
 - 2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы:
 - Білім беру саласының жіктелуі және коды;
 - Даярлау бағытының жіктелуі және коды;
 - Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код;
 - Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды;
 - Білім беру бағдарламасының коды және атауы;
 - 2.3. БББ айрықша ерекшеліктері (қос дипломды/бірлескен, ЖЖОКБҰ-серіктес, double major, инновациялық);
 - 2.4. Түлектің біліктілік сипаттамасы:
 - Берілетін дәреже / біліктілік;
 - Кәсіптік стандарттың атауы;
 - Жаңа мамандықтар атласы;
 - Өңірлік стандарт;
 - Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі;
 - СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі;
 - Кәсіби қызмет саласы;
 - Кәсіби қызмет нысаны;
 - Кәсіби қызмет түрлері;
 - 2.5. Бітіруші түлек моделі.
3. Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны
4. Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте 7М01505 - Биология»

1.Кіріспе

1.1.Жалпы деректер

"Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті" КеАҚ жаратылыстану-математика факультетінің жаратылыстық ғылыми пәндері кафедрасы 7M01505 - Биология білім беру бағдарламасы бойынша дайындық жүргізеді. 7M01505- Биология білім беру бағдарламасы биологиялық білім беру мен педагогикалық қызмет саласында тереңдетілген, теориялық және практикалық білімі бар, заманауи биологияның жаңа бағыттары туралы түсініктері бар, биологияның қазіргі мәселелерін түсінетін, ғылыми- практикалық және педагогикалық салаларда алған құзыреттіліктерін қолдана алатын магистрлерді дайындауға арналған.

Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде оқу процесінде тез өзгертін технологиялық ортада білім алушылардың цифрлық құзыреттерін дамыта отырып, жасанды интеллект құралдарын қолдану көзделеді.

Білім беру бағдарламасы жоғары оқу орны жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытуды, сондай-ақ оның әлеуметтенуін және қоғамға кірігуін көздейді.

1.2.Қорытындылау критерийлері

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлерді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі білім алушылардың теориялық оқытудың кемінде 88 кредитін, соның ішінде 6 кредит педагогикалық практика, 13 кредит зерттеу практикасы, сондай-ақ тағылымдамадан өтуді және магистрлік жобаны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми - зерттеу жұмысының кемінде 24 кредитін, қорытынды аттестацияның кемінде 8 кредитін игеру болып табылады. Барлығы 120 кредит.

1.3.Типтік оқу мерзімі: 2 жыл

2. Білім беру бағдарламасының паспорты

2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты	Биология ғылымдарының заманауи бағыттары мен биологияны оқыту әдістемесі саласында терең, теориялық және практикалық білімі бар және алынған құзыреттілікті ғылыми-практикалық және педагогикалық салаларда қолдануға қабілетті магистрлерді даярлау.
2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы	
Білім беру саласының жіктелуі және коды	7M01 - Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының жіктелуі және коды	7M015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіндегі код	0114
Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды	M014 - Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	7M01505 - Биология
2.3. БББ айрықша ерекшеліктері (қос дипломды/бірлескен, ЖЖОКБҰ-серіктес, double major, инновациялық)	-
2.4. Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже / біліктілік	Педагогикалық ғылымдар магистрі
Кәсіптік стандарттың атауы	-
Жаңа мамандықтар атласы	-
Өңірлік стандарт	-
Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі	Ғылыми қызметкер, педагогикалық бейіндегі ғылыми-зерттеу институттары мен университеттердің ғылыми тобының жетекшісі; жоғары оқу орнының, орта кәсіптік оқу орындарының оқытушысы, мемлекеттік білім беру қызметтерінің бөлімдері мен бөлімшелерінің жетекшісі.
СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі	7
Кәсіби қызмет саласы	Ғылыми-зерттеу ұйымдары, орта мектептер, лицейлер, гимназиялар, колледждер, ұлттық парктер мен қорықтар.
Кәсіби қызмет нысаны	Ғылыми-зерттеу институттары, сондай-ақ педагогикалық бейіндегі институттар, мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі жоғары оқу орындары.
Кәсіби қызмет түрлері	Білім беру (педагогикалық), мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі жоғары оқу орындарындағы биология оқытушысы; білім беру және ғылым саласындағы жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы.
2.5. Бітіруші түлек моделі	ОП бірегейлігі 7M01505 – Биология білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, бірегейлігі: ☒ жоғары дәрістік шеберлік және тәлімгерлік және ПОҚ базалық білімінің болуы; ☒ оқытушылардың оқу сабақтарында оқытудың

инновациялық әдістемелерін қолдану, пәнаралық оқыту, оқудағы өлкетану тәсілі;

☒ магистранттардың практикалық дағдыларын жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастыру.

оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттер

Осы бағыт бойынша оқу нәтижесінде магистрант келесі құзыреттерді меңгереді:

- әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімді, коммуникативтік дағдыларды көрсетуге, қоғам дамуының қазіргі заманғы үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті;
- оқушылар мен студенттердің жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи оқыту және критериалды бағалау технологияларын меңгерген;
- теориялық және практикалық тапсырмаларды түсіндіру кезінде жаратылыстану пәндері саласындағы негізгі ережелерді, ұғымдар мен заңдарды біледі;
- оқу-тәрбие процесінде заманауи ақпарат құралдары мен ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, білім беру ресурстарын әзірлеуге дайын;
- эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін есеп, ғылыми баяндама, хабарлама, ғылыми тұжырымдар түрінде көрсету тәсілі;
- күнделікті кәсіби қызметке арналған биологиялық пәндердің мектеп және ЖОО бағдарламасының барлық мәселелері бойынша оқу материалын меңгерген;
- ақпарат пен дереккөздерді олардың сенімділігі мен ғылымы тұрғысынан түсіндіруге дайын;
- табиғи кешендердің қалыптасу заңдылықтарын біледі және қазіргі кезеңде табиғат пен қоғамның өзара іс-қимылының ерекшеліктерін анықтай алады;
- педагогикалық қызметте биологиялық білімді қолдануға қабілетті.

Түлектің жеке қасиеттері

- кешенді міндеттерді шеше білу;
- сыни тұрғыдан ойлау;
- шығармашылық ойлау;
- командада жұмыс істей білу;
- өзінің және басқалардың эмоцияларын тану, басқару қабілеті;
- пайымдауды қалыптастыру және шешім қабылдау қабілеті;
- келіссөздер жүргізу;
- бір тапсырмадан екіншісіне ауысу.

3. Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны

Модуль 1. Социолінгвистикалық және ғылыми-педагогикалық қызмет

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Социолінгвистикалық құзыреттілікті қалыптастыруға және кәсіби қызметте іргелі ғылыми- педагогикалық, басқарушылық, коммуникативтік білім мен дағдыларды қолдануға ықпал етеді.

Модуль пәндері

Шет тілі (кәсіби)

Ғылым тарихы мен философиясы

Жоғары мектептің педагогикасы

Басқару психологиясы

Популяциялық генетика

Педагогикалық практика

Модуль 2. Биологиядағы зерттеулер

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ғылыми- зерттеу қызметтерінің фактілерін жинау, сипаттау, талдау, қорыту және түсіндіру. Ғылыми жұмысты жазу әдіснамасын, биологиялық зерттеу әдістерін зерделеу. Тірі табиғаттағы құбылыстар мен процестердің мәнін түсіндіру. Биологиялық оқиғаларды, құбылыстар мен үрдістерді болжау. Алынған жаратылыстану-ғылыми білімдерді практикалық пайдаланудың бағыттары мен нысандарын бекіту.

Модуль пәндері

Теориялық биология

Ғылыми- зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру

Биология бойынша оқушылардың зерттеу қызметі

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

Зерттеу практикасы

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы III

Модуль 3. Эволюциялық биология

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ғылыми- зерттеу қызметтерінің фактілерін жинау, сипаттау, талдау, қорыту және түсіндіру. Ғылыми жұмысты жазу әдіснамасын, биологиялық зерттеу әдістерін зерделеу. Тірі табиғаттағы құбылыстар мен процестердің мәнін түсіндіру. Биологиялық оқиғаларды, құбылыстар мен үрдістерді болжау. Алынған жаратылыстану-ғылыми білімдерді практикалық пайдаланудың бағыттары мен нысандарын бекіту.

Модуль пәндері

Даму биологиясы

Биологияның қазіргі кездегі мәселелері

Адам биологиясының қазіргі мәселелері

Адам физиологиясының қазіргі заман мәселелері

Адамның экологиялық физиологиясы

Оқытудың жаңа тәсілдері

Генетиканың өзекті мәселелері

Адам генетикасы

Оқытушының кәсіби бағдары

Орта кәсіби білім беру мекемелерінде және Жоғары оқу орындарында биология пәнін оқыту технологиясы

Антропология

Бионика

Өсімдіктер биохимиясы және физиологиясы

Популяциялық биология және эволюция

Мінез-құлық физиологиясы

Сенсорлық жүйелер физиологиясы

Орталық жүйке жүйесінің және жоғары жүйке қызметінің физиологиясы

Эволюциялық биология

Өмір эволюциясы

Модуль 4. Қазақстанның флорасы мен фаунасы

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақстанның биологиялық әртүрлілігін зерттеуде базалық тұжырымдамалар және оны сақтау мәселелері саласындағы практикалық дағдылар туралы теориялық білім алу. Жануарлар мен өсімдіктердің биологиялық әртүрлілігін талдау және бағалау әдістерін меңгеру. Биологиялық әртүрлілікті қалпына келтірудің негізгі стратегияларын ескере отырып, оны сақтау, адамның табиғи ортамен және қоғаммен тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Модуль пәндері

Қазақстан герпетофаунасы

Қазақстанның омыртқасыздары

Қазақстан ихтиофаунасы

Декоративті өсімдіктер шаруашылығы

Мал азықтық өсімдіктер

Қазақстанның дәрілік өсімдіктері

Қорытынды аттестаттау

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Магистрлік диссертацияны жазу және қорғау.

Модуль пәндері

Магистрлік диссертация

4. Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте

«7M01505 - Биология»

Пән атауы	Цикл / компо- не- нт	Семестр	Кредиттер саны	Барлық сағат саны	Дәріс	Пр. / Сем.	Зерт	ОБА ӨЖ	БАӨ Ж	Білімді бақылау нысаны
Модуль 1. Социолингвистикалық және ғылыми-педагогикалық қызмет										
Шет тілі (кәсіби)	БП/ ЖООК	1	3	90		30		20	40	Емтихан
Ғылым тарихы мен философиясы	БП/ ЖООК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Жоғары мектептің педагогикасы	БП/ ЖООК	1	3	90	15	15		20	40	Емтихан
Басқару психологиясы	БП/ ЖООК	1	3	90	15	15		20	40	Емтихан
Популяциялық генетика	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Педагогикалық практика	БП/ ЖООК	3	6	180	180					Практика бойынша қорытынды баға
Модуль 2. Биологиядағы зерттеулер										
Теориялық биология	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Ғылыми- зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру	БеП/ ЖООК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Биология бойынша оқушылардың зерттеу қызметі	БеП/ ЖООК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I	БеП/ ЖООК	2	11	330						Практика бойынша қорытынды баға
Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II	БеП/ ЖООК	3	4	120	120					Практика бойынша қорытынды баға
Зерттеу практикасы	БеП/ ЖООК	4	13	390						Практика бойынша қорытынды баға
Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы III	БеП/ ЖООК	4	9	270						Практика бойынша қорытынды баға
Модуль 3. Эволюциялық биология										
Даму биологиясы	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Биологияның қазіргі кездегі мәселелері	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Адам биологиясының қазіргі мәселелері	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Адам физиологиясының қазіргі заман мәселелері	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Адамның экологиялық физиологиясы	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан

Оқытудың жаңа тәсілдері	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Генетиканың өзекті мәселелері	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Адам генетикасы	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Оқытушының кәсіби бағдары	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Орта кәсіби білім беру мекемелерінде және Жоғары оқу орындарында биология пәнін оқыту технологиясы	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Антропология	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Бионика	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Өсімдіктер биохимиясы және физиологиясы	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Популяциялық биология және эволюция	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Мінез-құлық физиологиясы	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Сенсорлық жүйелер физиологиясы	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Орталық жүйке жүйесінің және жоғары жүйке қызметінің физиологиясы	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Эволюциялық биология	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Өмір эволюциясы	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Модуль 4. Қазақстанның флорасы мен фаунасы										
Қазақстан герпетофаунасы	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Қазақстанның омыртқасыздары	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Қазақстан ихтиофаунасы	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Декоративті өсімдіктер шаруашылығы	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Мал азықтық өсімдіктер	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Қазақстанның дәрілік өсімдіктері	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Қорытынды аттестаттау										
Магистрлік диссертация		4	8	240						

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ,
АБАЙ ОБЛЫСЫ,
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
ШӘКӘРІМ ДАҒЫЛЫ, 70

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ БӨЛІМІНІҢ
"ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН
АТЫНДАҒЫ
№ 37 ГИМНАЗИЯСЫ"
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

« 06 » 04 2024 ж.
ШЫҒЫС № 137

**«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам
7M01505 - Биология мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына
РЕЦЕНЗИЯ**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ жаратылыстану-ғылыми пәндері кафедрасында жүзеге асырылатын 7M01505-Биология білім беру бағдарламасы өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктерін, Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып әзірленген және білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған құжаттар жүйесін білдіреді.

7M01505 – Биология білім беру бағдарламасында барлығы 120 кредит игеріледі, оның ішінде таңдау компоненттерінде 2 альтернативтік пәдерден берілген. 7M01505 – Биология білім беру бағдарламасында 6B01510 – Биология білім беру бағдарламасының жалғасы ретінде бейіндік пәндерде биологияның барлық салалары ғылыми тұрғыда қамтылған.

Бұл білім беру бағдарламасы биология саласында жүйеленген білімді қалыптастыруда жергілікті жердің аймақтық компоненттерін пайдалану, оқу және ғылыми мақсатта өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізуде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктеріне ие.

Бағдарлама төрт модульге бөлінген: Социолингвистикалық және ғылыми-педагогикалық қызмет, Биологиядағы зерттеулер, Эволюциялық биология, Қазақстанның флорасы мен фаунасы және Қорытынды аттестаттау оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін модульдер арқылы қалыптастырылғаны толық сипатталған.

Болашақ биология педагогтарының негізгі басым құзіреттіліктерінің жүйесін, жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру – басым бағыттарының бірі. Білім беру бағдарламасы биологияның кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі саласында білім алушылардың жаңа білімдерінің дамуына ықпал етеді; ғылыми нәтижелерді практикаға енгізудің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық салдарлары контекстінде жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін болжау, өңірлік компоненттен жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып жасалған.

Семей қаласы бойынша білім бөлімінің
“Ыбырай Алтынсарин атындағы
№37 гимназиясы” КММ директоры:



Малгаждарова Ж.З.

**«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам
7M01505 - Биология мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына**

РЕЦЕНЗИЯ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, жаратылыстану-математика факультеті, жаратылыстану-ғылыми пәндері кафедрасында мамандар дайындайтын 7M01505-Биология білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарының талаптарын қанағаттандыра отырып дайындалған және білім беруді ұйымдастыруға бағытталған құжаттар жүйесін білдіреді.

Ұсынылған білім беру бағдарламасы бойынша 120 кредит игеріледі, оның ішінде таңдау компоненттеріне 2 альтернативтік пәндерден берілген. Магистратураның 7M01505 – Биология білім беру бағдарламасы 6B01510 – Биология білім беру бағдарламасының жалғасы болып табылатындықтан, биология педагогтарын дайындау үшін оқытылатын пәндер, биологияның барлық салаларының жалғасы ретінде жасалынған.

Білім беру бағдарламасы 4 модульден тұрады: Социалингвистикалық және ғылыми-педагогикалық қызмет, Биологиядағы зерттеулер, Эволюциялық биология, Қазақстанның флорасы мен фаунасы және Қорытынды аттестаттау оқу нәтижелеріне қол жеткізуге әсер ететін модульдер екендігі толық көрсетілген.

7M01505 – Биология білім беру бағдарламасының бір ерекшелігіне – биологиялық білім беруде, тәжірибелік сабақтарда жергілікті аймақтың компоненттерін ұтымды пайдалану, сонымен қатар магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін аймақтық компоненттерді қолдана алатындығы көрінеді.

Бұл білім беру бағдарламасы биология саласы үшін толыққанды кәсіптік білім бере алатын, теориялық материал мен оны жүзеге асыратын әдістемелер білім алушылардың жеткілікті, заман талабына сай білімнің қалыптасуына ықпал етеді. Ғылыми нәтижелерді практикаға енгізудің экологиялық, әлеуметтік, экономикалық себептері контекстінде жүзеге асатын ғылыми зерттеулердің нәтижелерін болжау болып табылады.

Білім беру бағдарламасының жалпы мазмұны биология педагогтарын дайындауда үлесі жоғары деп есептеймін, себебі бағдарлама маман үшін қажетті ғылыми-педагогикалық аспектілерді толық қамтиды.

Семей қаласы білім бөлімі
«№ 16 Т.Аманов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ директоры:



А.У.Сатаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ
"7M01505-Биология"
(ББ коды және атауы)
2024-2026 жылдарға арналған

Семей 2024 г.

Мазмұны

1.	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының паспорты	4
2.	ББ аналитикалық негіздемесі	4
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер	4
2.2	Білім алушылар туралы мәліметтер	5
2.3	ББ дамуының ішкі және сыртқы шарттары	5
2.4	Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ туралы мәліметтер	6
2.5	ББ-ға қол жеткізу сипаттамасы	6
3	ББ дамыту жоспарының негізгі міндеттері	7
4	ББ тәуекелдерін талдау	7
5	ББ дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары	8

1. Магистратураның «7M01505 – Биология» бағдарламасының даму жоспарының паспорты

1	Даму негізі	«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы
2	Іске асыру мерзімі	2024-2026
3	Күтілетін іске асыру нәтижелері	Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде білім беру сапасының жақсаруына, күзіретті, бәсекеге қабілетті, жаңашылдыққа бейім, өзгермелі еңбек нарығы жағдайына бейімделетін маман даярлауға байланысты білім беру бағдарламаларын жобалауға көзқарастар өзгеруде. Жаңа жағдайлар білім берудің қоғамдағы рөлін ғана емес, оның мақсаттарын, міндеттері мен мазмұнын өзгертеді, бұл бағдарламаларды, оқу-әдістемелік материалдарды үнемі жаңартып отыру қажеттілігін талап етеді.

2. ББ аналитикалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер:

ескере отырып түзетіледі. ББ бойынша оқу сабақтары 15 оқу аудиториясында өткізіледі. ББ білім алушыларын практикалық даярлау болашақ мамандарды кәсіптік даярлау жүйесіндегі маңызды буын болып табылатын өндірістік практикалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Тәжірибелер университетте алған теориялық білімдерін тереңдетуге, жүйелеуге, жалпылауға және нақтылауға, кәсіби маңызды дағдылар мен дағдыларды жетілдіруге бағытталған.

ЖОО шет елдердің 30 ЖОО-мен студенттердің сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 19 ЖОО-мен студенттердің ішкі академиялық ұтқырлығын іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы шарт жасасты.

ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру үдерісіне жалпы бақылауды мансап және жұмысқа орналастыру бөлімінің басшысы жүргізеді. Жыл сайын университетте факультет деңгейінде және бітіруші кафедралар деңгейінде жұмысқа орналасуға жауаптылар тағайындалады. Сондай-ақ, университетте түрлі қызмет салаларындағы жұмыс берушілердің қатысуымен жалпы университеттік Бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі. "7M01505 - Биология" ББ бойынша жыл сайын мамандарды шығару жүзеге асырылады, жұмысқа орналасу пайызы 100% құрайды.

2.4 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ПОҚ

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлік	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	ББ бойынша ғылыми дәрежесі бар оқытушылар	%	100	100
2	ЖБП циклі бойынша ғылыми дәрежесі бар оқытушылар	%	100	100

2.5 ББ жетістіктерінің сипаттамасы

- ✓ аймақтағы жоғары педагогикалық білімі бар мамандарға сұраныс;
- ✓ мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 100-ді құрайды%;
- ✓ дәрежелері мен атақтары бар штаттық ПОҚ үлесі 100 % құрайды;
- ✓ жоғары дәрістік шеберлік және тәлімгерлік және ПОҚ базалық білімінің болуы;

- ✓ оқытушылардың оқу сабақтарында оқытудың инновациялық әдістемелерін қолдану;
- ✓ бакалавриат – магистратураның екі сатысы бойынша сабақтастықтың болуы;
- ✓ жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып студенттердің практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ зертханалық жабдықтармен және аспаптармен жаратқандырылған оқу зертханаларының болуы;
- ✓ мамандығы бойынша ақпараттық-кітапхана қоры жасакталған, барлық пәндер оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген;
- ✓ ПОҚ мен білім алушылардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға белсенді қатысуы.

3. ББ дамыту жоспарының негізгі міндеттері

ЖОО миссиясына сәйкес 7M01505 - Биология ББ дамыту мақсаттары мен міндеттері:

- ✓ биология ғылымдарының қазіргі заманғы бағыттары мен биологияны оқыту әдістемесі саласында теориялық және практикалық білімі бар, алған құзыреттерін педагогикалық қызметте қолдануға қабілетті биология магистрлерін даярлау;
- ✓ баланы әлеуметтік-педагогикалық оқыту мен тәрбиелеу процесін жоғары деңгейде жүзеге асыра алатын педагогтің кәсіби даярлығы мен тұлғалық дамуын қамтамасыз ету;
- ✓ еңбек нарығын дайындықтың осы бағыты бойынша талаптарға сәйкес кәсіби өсуге, азаматтық құндылықтарға, әлеуметтік жауапкершілік пен құзыреттілікке бағдарланған бәсекеге қабілетті педагогтармен толықтыру;
- ✓ биологиялық білім беру жүйесінде сұранысқа ие мамандарды дамыту және қалыптастыру бойынша қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау;
- ✓ білім алушылардың кәсіби жетілдіруге және өзін өзі жүзеге асыруға уәждемесін қалыптастыру негізінде ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру сапасының деңгейін арттыру;
- ✓ кейінгі табысты кәсіби қызмет үшін негізгі, пәндік және кәсіби құзыреттіліктерді игеру;
- ✓ магистранттардың биологиялық білім беру саласында ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға және жүргізуге дайындығын қалыптастыру.

4 ББ тәуекелдерін талдау

№	Тәуекелдер атауы	Оларды жою бойынша іс-шаралар
1	Ескірген оқу және зертханалық базалар	Мемлекеттік, жеке әріптестік, заманауи зертханалық жабдықтарды сатып алу негізінде заманауи оқу, ғылыми-зерттеу және

		зертханалық база құру.
2	Ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану бойынша білім алушылардың тәжірибелік дағдылары әлсіз.	Биологияда ғылыми зерттеудің заманауи әдістері мен әдістерін енгізуге машыктану.
3	Магистранттар мен ПОҚ сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының жеткіліксіз дамуы	
4	ББ бойынша ПОҚ дәрежелілігінің төмендеу қаупі	Халықаралық ғылыми ынтымақтастықты жандандыру
5	ББ дамыту жоспарлары мүдделі тараптар өкілдерінің аз санымен жария талқылаудан өтеді, олардың ұсыныстары мен түзетулері негізінде ББ жоспарлау мен басқаруға өзгерістер енгізуге болады;	Жас мамандардың PhD докторантураға түсуі есебінен ПОҚ дәрежесін арттыру.
6	ҚР іімм және басқа да қорлар қаржыландыратын гранттық ғылыми жобаларды орындауға арналған конкурстарға ПОҚ қатысуының белсенділігі жеткіліксіз;	Жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып, магистранттардың практикалық дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін кеңейту.

5. ББ дамыту бойынша іс-шаралар жоспары

№	Критерийлер	Күтілетін нәтижелер	Өлшем бірлік	2024-2025	2025-2026
1.1	Жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту	Түлектердің тәжірибеге бағдарлануын арттыру және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында 7M01505 - Биология ББ сараптамасын жүргізу	факт.	1	1

1.2	Негізгі және кәсіби құзыреттерді, еңбек нарығының сұраныстарын дамытуға сәйкес элективті пәндер каталогтарын мониторингілеу және жанарту	Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған элективті курстарды қосу арқылы білім беру бағдарламалары мазмұнының сапасын жақсарту.	факт.	1	1
1.3	Оқу процесіне білім алушылардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік қабілетін дамытуға ықпал ететін заманауи оқыту технологияларын енгізу	Білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін жұмыс түрлерінің жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру.	факт.	Таңдау компоненттер бойынша барлық пәндер	Таңдау компоненттер бойынша барлық пәндер
1.3.1	7M01505-Биология білім беру бағдарламасы бойынша жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) оқу процесіне енгізу	Білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін жұмыс түрлерінің жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру.	бірлік	1	-
1.4	Әлеуметтік әріптестер мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, сараптауға және іске асыруға тарту	Нарықтың сұраныстары мен жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту	бірлік	2	2
1.5	Ағылшын тілінде элективті курстарды әзірлеу және енгізу	Оқу процесіне ағылшын тілінде пәндерді енгізу	бірлік	-	-
1.6	Оқу процесіне инновациялық технологияларды қолдану бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу	Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу	бірлік	1	1
1.7	Іске асырылатын ББ бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді басып шығару	Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз студі жетілдіру	бірлік	2	2

1.8	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен ПОҚ академиялық алмасуды дамыту мақсатында шетелдік және отандық серіктес жоғары оқу орындарымен шарттар жасасу	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық алмасуын дамыту үшін шетелдік және отандық серіктес ЖОО-лардың базасын қуру	бірлік	10	10
1.9	Серіктес жоғары оқу орындарынан білім алушыларды семестрге, қысқа мерзімді тағылымдамаларға, практикаға және т. б. оқуға шақыру.	Білім беру бағдарламаларының Халықаралық танылуын дамыту, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру	адам	1	1
1.10	ПОҚ мен білім алушылардың академиялық алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуы	Бағыт бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік университеттермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту	адам	-	-
1.11	7M01505 Биология ББ бағыты бойынша ПОҚ және білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын дамыту	Шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында осындай бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін пайдалану негізінде білім беру бағдарламасын жетілдіру	адам	5	2
2.1	3 жылда бір рет білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру және даярлау	Республикалық және халықаралық деңгейде біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ үлесі 20-дан кем емес%	адам	4	2
2.2	ПОҚ біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан, тағылымдамадан халықаралық деңгейде өту	ПОҚ біліктілігін арттыру, қайта даярлау, тағылымдамадан өту бағдарламасының кемінде 2 оқытушысының халықаралық деңгейде өтуі	адам	2	1
2.3	Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін халықаралық басылымдарда ПОҚ еңбектерінің жарияланымдарын ілгерілету	Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін басылымдарда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялаған ПОҚ үлесін ұлғайту-ПОҚ жалпы санының кемінде 30%	%	30	30

2.4	Оқытушылық және ғылыми қызметке практикалық қызмет саласының мамандарын тарту	Практик-мамандардың білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысу (мамандардың кемінде 20%)	%	20	20
3.1	Шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық бойынша шарттар жасасу	Бірлескен жобаларды іске асыру, шетелдік әріптестермен ғылыми жарияланымдар дайындау, білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін базалар құру	%	32	30
3.2	7M01505 - Биология білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін шетелдік білім алушыларды тарту	Шетелдік білім алушылар санын ұлғайту	адам	1	-
3.3	Халықаралық әріптестермен бірлескен ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру	ПОҚ ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің тиімділігін арттыру, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу	бірлік	4	2
3.4	Магистрлік жобалар мен диссертациялар бойынша дәрістер мен консультациялар оқуға шетелдік мамандарды шақыру	Білім беру бағдарламаларын іске асыруда шетелдік мамандардың тәжірибесін енгізу негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұндық компонентін жақсарту	бірлік	1	1
3.5	Білім беру бағдарламаларын іске асыруға неғұрлым білікті шетелдік мамандарды тарту мақсатында озық шетелдік ғылыми-білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту	Жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесіне сәйкес негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру	адам	-	-
4.1	Оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен кезең-кезеңмен жарактандыру (панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера және т. б.)	Кафедраға бекітілген оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен жарактандыру (панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера және т. б.)	бірлік	9	3

4.3	ПОҚ және білім алушылардың ғылыми зерттеулері нәтижелерінің толық мәтінді базасын, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т. б.) толықтыру	Ғалымдардың ғылыми еңбектері, ПОҚ және білім алушылардың зерттеулері, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т. б.) нәтижелерінің санын ұлғайту	сан	3	4
4.4	Ғылыми және оқу әдебиеті қорын, оның ішінде іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша электрондық жеткізгіштерде кеңейту	Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық ресурстар негізінде, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету	%	100	100
4.5	Факультет сайтын толықтыру және жетілдіру мониторингі	Білім беру бағдарламаларын іске асырудың әртүрлі аспектілері бойынша факультет сайтын қалыптастыру.	%	100	100

Кафедра меңгерушісі _____



Рахымжанова А.М., PhD

ҚАРАЛДЫ

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Комиссия төрайымы  Желдыбаева Б.С.

№6 хаттама «06» маусым 2024ж

КЕЛІСІЛДІ

Жаратылыстану жоғары мектебінің деканы  Мукаев Ж.Т.

« 06 » 06 2024 ж.